

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылы 6 сәуірдегі № 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 15 сәуірде № 6888 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 12 қыркүйектегі № 83 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 2011.09.12 № 83 (5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қараудың бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау жөніндегі қоса берілген Нұсқаулық бекітілсін.

2. «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау туралы» Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 10 ақпандағы № 6 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (№ 2165 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы, және мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, № 12, 817-бет.).

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (одан әрі - Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үш і н ;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитеттің Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бас Прокуроры

Қазақстан Республикасы
Қ. Мәми

« К е л і с і л г е н »

Қазақстан Республикасы
Ж о ғ а р ғ ы С о т ы
А п п а р а т ы н ы ң б а с ш ы с ы

Ж. Әбдиев

2011 жыл 6 сәуір

Қазақстан Республикасы

Б а с П р о к у р о р ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 6 с ә у і р д е г і
№ 26 бұйрығымен бекітілген

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды, шағымдар мен өзге де ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау туралы Нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық қылмыстық қудалау органдарының қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды, шағымдар мен өзге де ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қараудың, сонымен қатар Астана, Алматы қалалары және облыстар соттарының кеңсе меңгерушілерінің жеке айыптау істері бойынша шағымдарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қараудың бірыңғай тәртібін айқындайды.

Электронды тіркеуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық қудалау және прокуратура органдары Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 17 маусымдағы № 27 бұйрығымен бекітілген (одан әрі - ҚР БП № 27 бұйрығы) « Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды, қылмыстық істерді, олардың тергелу және сотта қаралу нәтижелерін бірыңғай карточкалық есепке алу бойынша жүргізу Нұсқаулығын (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе), сонымен қатар осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

Қылмыстар мен оқиғалар туралы өтініштер мен хабарларды электронды тіркеу, оларды есепке алудың қолданыстағы тәртібі және тиісті ақпараттық есепке алу құжаттарын қоюмен қатар жүзеге асырылуы қажет.

Н е г і з г і ұ ғ ы м д а р :

1) қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды қабылдау – Нұсқаулыққа және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламалар және өзге де ақпараттар қабылдау бойынша

өкілеттікке ие лауазымды тұлғаның іс әрекеттері;

2) қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды тіркеу, сонымен қатар электронды түрдегі – қылмыстар туралы Өтініштер мен хабарламаларды есепке алу кітабында (бұдан әрі – ӨЕК) және Ақпараттарды есепке алу журналында (1, 2-қосымшалар) (бұдан әрі – АЕК) қылмыстар, оқиғалар және өзге де мәліметтер туралы ақпараттың мазмұны бойынша қысқаша мәліметтерді бекіту, әрбір келіп түсетін өтінішке, хабарламаға және қылмыстар мен оқиғалар туралы өзге де ақпараттарға нөмір беру;

3) қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды есепке алу – қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды қабылдау және тіркеу бойынша мәліметтерді бекіту және оларды есептілікте бейнелеу;

4) қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды қарау – қылмыстар туралы тіркелген өтініш, хабарлама бойынша лауазымды тұлғаның (өз құзыреті шегінде) тексеру іс-шараларын өткізу және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс-жүргізу кодексіне (одан әрі – ҚР ҚІЖК) сәйкес ол бойынша іс жүргізу шешімдерін қабылдау;

5) қылмыстар туралы тіркеуден жасырылған өтініш, хабарлама – бұл, ӨЕК-на қылмыстың қандай да бір құрамының белгілерін қамтитын, оны тікелей қабылдап алған тіркеуші тұлға немесе оның тіркелуіне жауапты тұлға тіркемеген өтініш немесе хабарлама;

б) есептен жасырылған қылмыс – бұл қылмыстық істі қозғауға ҚР ҚІЖК 177-бабымен қарастырылған, негіздердің жеткілікті болуына қарамастан, қылмыстық қудалау органдарының оны келесі жолдармен есепке қоюға шара қабылданбаған қылмыс:

ӨЕК-де тіркеуге шаралар қабылдамау (мұндай әдістерге келесілер жатады: қылмыстар туралы өтініштерді, хабарламаларды тіркеуден тікелей жасыру; әкімшілік істі негізсіз қозғау; «Нақтыланбаған деректер бойынша нарядқа жіберілген материалдар» наменклатуралық іске тексеру материалдарын есептен шығару; жеке айыптау істері бойынша сотқа негізсіз жолдау; қылмыстық істен басқа қылмыс құрамының белгілері бар тексеру материалдарын бөлмеу арқылы);

ақталатын негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы негізсіз қаулыны шығаруы;

аумақтылығы (тергеуде болуы) бойынша нақты жолданбаған, ӨЕК-ғы жазбалар, сонымен қатар бұрын тіркелген қылмыстық іске (материалға) нақты тіркеусіз ӨЕК-ғы жазбалар;

Қылмыстық қудалау органы жеке тексеру нәтижелерінің дайын болмауына байланысты (сараптаманың, салық тексеру актілерінің, халықаралық тапсырмалар немесе басқа ревизия актілерінің қорытындысы) тергеуге дейінгі тексерудің ҚР ҚІЖК рұқсат етілген мерзімі өткеннен кейін қылмыстық істі

қозғаудан бас тарту туралы шешімі қабылданса, оның күшінің жойылуы туралы прокурорға қолдаухат жолданса, қылмыс жасырылған болып есептелмейді.

Жасырылған қылмыстар қатарынан одан әрі ақталатын негіздер бойынша қысқартылған немесе ақтау үкімі шығарылған қылмыстық істер есептен шығарылуға жатады. Осы шешімдердің күші жойылған жағдайда, қылмыстар жасырылған ретінде қайта есепке алынады.

7) Қылмыстар туралы көрінеу жалған өтініштер - бұл кез келген меншік түріндегі мекемелер, кәсіпорындар немесе ұйымдар, кәсіпкерлік субъектілерінің, сонымен қатар азаматтар қызметіне заңсыз тексеруді ұйымдастыру және іске асыру мақсатында ұйымдастырылып, аталмыш жасалған немесе жасалатын қылмыс (оқиға) туралы қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасының қатысуымен дайындалған ӨЕК-де тіркелген жеке немесе заңды тұлғаның өтініші.

Қылмыстар туралы көрінеу жалған өтінішті тіркеу дерегі анықталған жағдайда, прокурор немесе қылмыстық қудалау органы тексеру іс-шараларын дереу тоқтату шаралары қолданылады және осы өтініш бойынша ақталатын негіздер бойынша қылмыстық істерді қозғаудан бас тарту туралы шешімі қ а б ы л д а н а д ы .

8) ӨЕК – қылмыстар, оқиғалар туралы тіркелген өтініштер және хабарламалар туралы мәліметтерді және олар бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдерін қамтитын қатаң есептілік құжаты;

9) АЕЖ – қылмыстар, оқиғалар туралы өзге ақпараттарды және олар бойынша қабылданған шешімдердің тіркелуі қарастырылған қатаң есептілік қ ұ ж а т ы .

3. Қылмыстар, оқиғалар туралы барлық ақпараттар, мазмұнына қарай, қалай жазбаша түрде берілсе, солай ауызша түрде беріле алатын өтініштер, хабарламалар, шағымдар және қылмыстар мен оқиғалар туралы өзге де а қ п а р а т т а р ғ а б ө л і н е д і .

Жазбаша өтінішке, оны жолдаған тұлға қол қоюы керек.

Өтініш беруші көрінеу жалған сөз тасығаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны туралы ескертіледі, ол туралы қылмыстық қудалау органына тікелей жүгінушінің қолымен бекітілген өтінішке белгі қойылады.

Жазбашаға келесі жатады: азаматтардың өтініштері; кінәсін мойындап келу; заңды тұлғалардың өтініштері; мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының немесе ұйымда басқару қызметтерін атқаратын тұлғаның жазбаша хабарламасы; лауазымды тұлғаның және қылмыстық істі қозғауға құқылы органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтағаны жөніндегі баянаты.

Қылмыстық қудалау органына түсетін қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер , хабарламалар, шағымдар және басқа да ақпараттар ҚР ҚІЖК белгіленген т ә р т і п т е қ а р а с т ы р ы л у ы т и і с .

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (одан әрі - ҚР ҚК) көзделген құрамында қандай да бір қылмыс белгілері қаралатын қылмыстар туралы өтініштер, хабарламалар ӨЕК-де тіркеуге жатады.

Тіркеліп, тексеру өткізілгеннен кейін, олар бойынша ҚР ҚІЖК 185-бабының 1-бөлімінде қарастырылған іс жүргізу шешімдерінің бірі қабылданады.

5. Қылмыстар, оқиғалар туралы басқа ақпаратты, құрмында қылмыс болуын немесе болмауын анықтау мақсатында алдын ала тексеріп, АЕЖ-да міндетті түрде тіркеу қажет.

Оларға: телефон (телефакс), телетайп, телеграф, факсимильдік байланыс арқылы, ресми сайттарда электронды түрде, қылмыстық қудалау органының блогында, күзеттік белгі беру белгісінің қосылуы түрінде, сонымен қатар қылмыстық қудалау органдарының кезекшілік жүктелімдерінің ведомстволық радио байланыс арналары бойынша түскен хабарламалар, соның ішінде төмендегіден туындайтын жатады:

1) қылмыстың салдарынан туындаған жарақаттармен, зақымдармен, аурулармен түскен азаматтардың жүгінуі туралы емдеу мекемелерінен;

2) қылмыстың белгілерін білдіретін жағдайларға байланысты азаматтардың жеке куәліктерін және төлқұжаттарын жоғалту жөніндегі көші-қон полициясының бөлімшелерінен;

3) қылмыс жасады деген күдікпен және жасалған қылмыс туралы құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардан;

4) қылмыс туралы күдікті тудыратын жағдайлар бойынша басқа ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер (түрлі меншік иелері), азаматтардың және басқа да жеке тұлғалардың қоғамдық бірлестіктерінен.

Қылмыстар, оқиғалар туралы басқа да ақпараттарға жатқызылуы керек: авариялар, жануарлар індеттері, табиғи зілзала және адамдармен болған жазатайым оқиғалар туралы мәліметтер;

құқыққа қарсы сипаттағы басқа да әрекеттер туралы мәліметтер.

Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот талқылауы барысында берілген ауызша өтініштер, хабарламалар тиісті хаттамаға енгізіледі. Басқа жағдайларда өтініш берушінің және өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның қол қойған жеке хаттамасы жасалады. Өтініш беруші көрінеу жалған сөз тасығаны үшін ҚР ҚК 351-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны туралы ескертіледі, ол туралы хаттамада өтініш берушінің қолымен куәландырылған белгі қойылады.

Қылмыстар, оқиғалар туралы өзге де ақпарат расталған жағдайында, соңғысы ҚР ҚІЖК 185-бабы 1-бөлімімен қарастырылған іс жүргізу шешімдерінің бірін қабылдаумен ӨЕК теркеуге жатады.

2-тарау. Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпараттарды қабылдау

6. Кез келген дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы түсіп жатқан өтініштер, хабарламалар, шағымдар және өзге де ақпараттар жасалған орнына, уақытына, сонымен қатар хабарланатын мәліметтердің толықтығына және ұсыну түріне қарамастан, кез келген қылмыстық қудалау органында қабылданады. Кезекші бөлімдері бар қылмыстық қудалау органдары өтініштерді т ә у л і к б о й ы қ а б ы л д а й д ы .

7. Қылмыстық қудалау органына, соның ішінде учаскелік инспекторға тікелей жүгінген өтініш берушіге, олармен бірегей нөмірлі талон-хабарлама (3-қ о с ы м ш а) б е р і л е д і .

Белгіленген тәртіпте, қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды қабылдау және тіркеу міндеттері жүктелген кезекші бөлімнің қызметкері немесе лауазымды тұлға бірегей нөмірі бар талон-хабарламаның қағаз жүзіндегі нысанын толтырады, жыртылмалы бөлігін өтініш иесіне береді және ЗС-1 статистикалық карточканың қағаз жүзіндегі түрін толтырып, оны 24 сағат ішінде карточканы электронды түрде қалыптастыратын қызметкерге береді. ЗС-1 нысанды статистикалық карточканың деректемелері ҚР БП № 27 бұйрығымен белгіленген тәртіпте толтырылады. ЗС-1 нысанды карточка мәліметтерінің негізінде электронды ӨЕК жазба автоматты түрде қалыптасады.

Талон-хабарламаның бірегей нөмірінде бірінші жұбында өтінішті, хабарламаны тіркеген жыл белгіленеді, екінші жұбында облыс коды, үшінші жұбы аудан коды, төртінші ведомство коды, тоғызыншы сан болып – резервті нөмір және соңғы сандармен (5 белгі) талон-хабарламалардың реттік нөмірі к ө р с е т і л е д і .

Талон-хабарлама екі бөлімнен тұрады: өтінішті және хабарламаны тіркеген қылмыстық қудалау органында қалатын талон-хабарламаның, сонымен қатар өтініш иесіне берілетін жыртылмалы талон-хабарламаның түбіртегі. Талон-хабарламалар түбіртектерінің түпнұсқалары қатаң есептілік құжаттары б о л ы п т а б ы л а д ы .

Талон-хабарламаның бірінші бөлігінде: бірегей нөмір, өтініш иесінің тегі, аты , әкесінің аты немесе мекеменің атауы, өтініштің немесе хабарламаның қысқаша мазмұны, ӨЕК тіркеу жазбасының нөмірі мен күні, өтінішті қабылдаған қылмыстық қудалау органы қызметкерінің қолы, лауазымы, аты-жөні және өтініштің немесе хабарламаның қабылданған күні, талон-хабарламаны қабылдаған тұлғаның қолы, уақыты және күні белгіленеді.

Талон-хабарламаның екінші бөлігінде: (жыртылмалы талон), сондай-ақ, бірегей нөмір, өтініш иесінің тегі, аты, әкесінің аты немесе мекеменің атауы,

қызметкердің лауазымы, аты-жөні, өтінішті қабылдаған қылмыстық қудалау органының атауы, мекенжайы және қызметтік телефоны, өтініш немесе хабар бойынша қабылданған шешімдер Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген мерзімде қабылданатындығы туралы түсініктеме беріп, ӨЕК нөмір және тіркеу жазбасының күні, талон-хабарламаны берген қылмыстық қудалау органы қызметкерінің қолы және күні қамтылады.

Жыртылмалы талон-хабарламаның теріс жағында Интернет-сайттың мекенжайы: <http://service.pravstat.kz>, 1012 телефон нөмірлері (SMS-сервис), 8 800 080-7777 (стационардан), 1414 (ұялыдан) көрсетілген, осы телефондар арқылы өтініш иесі тиісті ақпаратты және өтінішті қабылдаған қылмыстық қудалау органының телефонын ала алады.

Жазбаша өтінішке немесе кінәсін мойындап келу хаттамасына тіркеу штампы (4 - қ о с ы м ш а) қ о й ы л а д ы .

Органның тіркеу штампына атауы, тіркеу күні, реттік нөмірі, аты-жөні және ақпаратты қабылдаған лауазымды тұлғаның қолы жатады.

8. Жол полициясының, қаржы полициясының, кеден қызметінің, мемлекеттік күзет қызметінің, өртке қарсы қызметтің, медициналық айықтырудың, арнайы қабылдағыштың, тергеу изоляторларының, уақытша ұстау изоляторының, кәмелетке толмағандарды тәрбилеу, бейімдеу, оқшаулау және оналту орталықтарының, қабылдағыш-бөлгіштердің, Қарулы күштердің әскери бөлімдерінің, Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құрамаларының кезекші бөлімшелеріне қызмет атқару барысында мәлім болған қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер, хабарламалар аумақтылығы бойынша (тергеуде болуы) тиісті органның кезекші бөліміне дереу жолданады.

9. Қылмыстық қудалау органына жүгінген кезде өтініш беруші меңгерген кез келген тілді пайдалана алады. Қабылданған шешім туралы жауап жүгінген тілде беріледі.

3-тарау. Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпараттарды тіркеу және есепке алу, сонымен қатар электронды есепке алу

10. Жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы кез келген өтініш (жазбаша немесе ауызша) осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіпте тіркеуі керек.

ӨЕК-да немесе АЕЖ-да тіркемей, өтініштерді тексеруге тыйым салынады. Кіріс құжаттарының журналында тіркелген қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер, хабарламалар түскен кезінен бастап, тәулік ішінде ӨЕК-да тіркелуге ж а т а д ы .

11. ҚР ҚІЖК 185-бабының 1-бөлімінде көзделген іс жүргізу шешімдерін

бойынша жүктелімдерге шығарылған материалдар» (5-қосымша) жеке істер номенклатурасында сақталуы қажет.

16. ӨЕК-ын және АЕЖ-ын аудандық, қалалық (аудандық құқығында), облыстық, қалалық (облыстық құқығында) және соларға теңестірілген қылмыстық қудалау органдары, прокуратура органдары, оған қоса олардың орталық аппараттары басталып жүргізіледі.

ӨЕК және АЕЖ деректемелері хронологияны және нөмірлеу тәртібін сақтап, олардың бағандарының мазмұнына сәйкес толтырылады. Өтініш беруші туралы деректері, хабарланатын қылмыс туралы мәліметтері, жүгіну және қабылданған шешім туралы қозғалысы толыққанды баяндауға жатады. Қылмыс туралы өтініштер, хабарламаларды тіркеген кезде құпиялылықты қамтамасыз ету қажеттілігі туындаған жағдайда, ӨЕК-да мазмұнын және өтініш беруші туралы деректерді баяндамай, жүгінген тұлғаның аты-жөнінің басқы әріптерін көрсетуге болады.

ӨЕК және АЕЖ қылмыстық қудалау органдарының кезекші бөлімінде немесе тиісті құрылымдық бөлімшесінде сақталуы керек және қылмыстар туралы өтініштерді, хабарламаларды тіркеуге жауапты лауазымды тұлғалармен толтырылады. Кітаптардың және журналдардың парақтары нөмірленеді, тігіледі және мөрмен бекітіледі.

17. Аяқталған ӨЕК және АЕЖ, талон-хабарламалардың түбіртектері, расталмаған деректер бойынша жүктелімге шығарылған материалдар бойынша істер номенклатурасы кеңсеге, хатшылыққа сақталуға жіберіледі. ӨЕК сақталу мерзімі - 5 жыл, АЕЖ, талон-хабарламалар түбіртектерінің және іс номенклатурасының сақталу мерзімі - 3 жыл.

18. Өтініштің тіркелуін қамтамасыз ету жауапкершілігі қылмыстық қудалау органның басшысына, бөлімшенің кезекші бөлімінің лауазымды тұлғасына және орындаушыға жүктеледі.

Прокуратура органдарына түскен қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді тіркеу осы міндет жүктелген лауазымды тұлға жүзеге асырады.

19. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылдау бойынша материалдар қылмыстық қудалау органдары бастап жүргізетін Бас тарту материалдарын есепке алу журналында тіркелуге жатады.

Бас тарту материалдары қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешімі қабылданған қылмыстық қудалау органының мұрағаттарында сақталады. Бас тарту материалдарының қабылдау, сақтау, есепке алу, беру және жою тәртібі Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры келіскен қылмыстық қудалау органының ведомстволық нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

4-тарау. Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпараттарды қарау

20. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері ҚР ҚІЖК сәйкес осы Нұсқаулықтың талаптарына сай тіркелген өтініштердің қаралуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

21. Жасырын өтініштер АЕЖ-да тіркелуге жатады және мәліметтің мазмұнына байланысты қылмыстық қудалау органының бастығы немесе оны ауыстыратын лауазымды тұлға келесі шешімнің бірін қабылдайды:

1) ж а з б а ш а н ұ с қ а м а б е р е д і :
өтінішті және хабарламаны тексеру туралы, егер онда дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы деректер қамтылса;
жедел мақсатта пайдалану үшін тиісті бөлімшелерге өтініштер мен х а б а р л а м а л а р д ы ж і б е р у т у р а л ы ;

2) жедел тексеру үшін негіздеме болмаған кезде номенклатуралық іске өтініштер мен хабарламалар есептен шығарылады.

Жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы жасырын өтініш расталған жағдайда, қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасы тиісті баянатты жазып, оны осы Нұсқаулыққа сәйкес тіркеу қамтамасыз етіледі.

3) жасырын өтініш, егер онда дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы мәліметтер қамтылса, тиісті тексерулерді өткізу үшін тергеуде болуы немесе аумақтылығы бойынша жолданады.

Жасырын өтініш тергеуде болуы немесе аумақтылығы бойынша жолдаған кезде АЕЖ-да тиісті жазба жазылады.

22. ӨЕК-да тіркелген материалдар бойынша шешім ҚР ҚІЖК 184-бабында белгіленген мерзімде қабылданады.

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер, хабарламаларды қарау мерзімін ұзарту, ҚР ҚІЖК 184-бабында белгіленгендер негізінде, тексеруді іске асыратын тұлғаның дәлелденген баянаты негізінде жүзеге асырылады: қосымша мәліметтер алу, құжаттарды немесе басқа материалдарды талап ету, оқиға болған орында тексеру, сараптама өткізу үшін.

Баянатта баяндалған негіздер орынды болған жағдайда, тексерудің тергеуге дейінгі мерзімі анықтау органының бастығы, тергеу бөлімінің бастығы, ал орталық аппараттарда – комитеттер төрағасының немесе департаменттер бастығының немесе оларды ауыстыратын тұлғалардың баянаттағы б ұ р ы ш т а м а с ы м е н ұ з а р т ы л а д ы .

Тексерудің тергеуге дейінгі мерзімі ұзартылса 3С-2 нысанды статистикалық карточкасы қойылады және прокурор хабардар етіледі. Хабарламада мерзімнің ұ з а р т ы л у н е г і з і к ө р с е т і л е д і .

Материал бойынша қабылдаған шешімнің прокурормен күші бұзылған жағдайда, қайта қабылданған шешім 1 айдан кешіктірмей қабылдануы керек.

23. Қосымша тексеруді қажет ететін АЕЖ-да тіркелген қылмыстар, оқиғалар туралы басқа ақпарат:

- 1) оқиға болған орнына шығу;
- 2) іздердің, кино-фото түсірімді, бейнежазбаның сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;
- 3) жедел-іздік шараларын өткізу;
- 4) жәбірленушілерден, куәгерлерден сұрастыру үшін себеп болады.

24. АЕЖ-да тіркелген қылмыстар, оқиғалар туралы басқа ақпараттар түскен кезінен бастап 24 сағаттан аспайтын мерзімде тексерілуі керек, ал қосымша мәліметтерді алу, құжаттарды немесе басқа материалдарды талап ету, оқиға болған орында тексеріс өткізу қажет болған кезде, қарау мерзімі орындаушының баянатымен органның бірінші басшысымен немесе оның орынбасарымен (орталық аппараттарды – комитеттер төрағасының немесе департаменттер бастығының немесе оларды ауыстыратын тұлғалардың) 3 тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

Тергеуге дейінгі тексеру мерзімін ұзартқан кезде 3 тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі. Прокурорға берілетін хабарламада ұзарту негізі көрсетілуі қажет.

25. АЕЖ тіркеліп, одан әрі ӨЕК ауыстырылған басқа ақпаратты қараудың жалпы мерзімі ҚР ҚІЖК 184-бабында белгіленген мерзімнен аспауы керек.

5-тарау. Жеке тәртіпте қылмыстық қудалауға жататын қылмыстар туралы шағымдарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау туралы

26. Соттардың шағымдарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау ҚР ҚІЖК талаптарына және осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

27. Сот кеңсесіне пошта, талаграф, факсимильдік байланыс бойынша, не қолма-қол түскен шағымдарды қабылдау, іс өндірісін жүргізу тәртібін реттейтін ведомстволық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Шағым ӨЕК (6-қосымша) сотқа түскен кезден бастап, келесі күннен кешіктірілмей тіркеуі қажет.

Егер берілген шағым ҚР ҚІЖК 390-бабының екінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе, судья өтініш берушіге оларды көрсетілген талаптарға сәйкестендіруді ұсынады және ол үшін мерзім белгілейді. Нұсқаманы орындамаған жағдайда, судья қаулысымен шағымды өндіріске қабылдаудан бас

тартады және ол жайында өтініш берушіні хабардар етеді. Белгіленген талаптарды орындаған жағдайда, судья шағымды 3 тәулік ішінде қарап:

- 1) өз өндірісіне шағымды қабылдауға;
- 2) тергеуде болуы немесе соттылығы бойынша шағымды жіберуге;
- 3) шағымды өндіріске қабылдаудан бас тарту туралы қаулыны шығарады.

28. Жеке айыптау тәртібімен түскен Шағымдарды есепке алу журналы қатаң есептілік құжаты болып табылды, сот кеңсесінде сақталады және оны шағымды тіркеуге жауапты тұлға жүргізеді. Журналдың парақтары нөмірленеді, тігіледі және м ө р м е н б е к і т і л е д і .

Жеке айыптау тәртібімен түскен Шағымдарды есепке алу журналының деректемелері бағандарының мазмұнына сәйкес, хронология және реттік нөмірін б о й ы н ш а т о л т ы р ы л у ы т и і с .

29. Жеке айыптау тәртібінде аяқталған Шағымдарды есепке алу журналдары іс жүргізуді реттейтін нормативтік құқықтық актілерімен регламенттіленген мерзім ішінде, соттарда сақталады.

6-тарау. Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, сонымен қатар электронды форматта және қарау тәртібін сақтауды қадағалау және бақылау

30. Қылмыстық қудалау органының бастығы немесе оның ауыстыратын тұлға :

1) қолданыстағы заңға сәйкес қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және басқа ақпараттарды қабылдаудың, тіркеудің, есепке алудың, сонымен қатар электронды форматта және қараудың белгіленген реттемелерін сақтауға жауапты;

2) қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштердің, хабарламалардың және басқа да ақпараттардың қарау мерзімін, уақытылы және толыққанды тіркелуін, сонымен қатар ӨЕК және АЕЖ дұрыс жүргізілуін күн сайын бақылауды жүзеге асырады.

Қылмыстық қудалау органдарының орталық, облыстық және соларға теңестірілген аппараттарында қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды форматта және қарау тәртібін толық және жан-жақты бақылау үшін, қызметі жеке нормативтік құқықтық актілермен реттелетін есепке алу-тіркеу тәртібінің жағдайын бақылау бойынша комиссиясы құрылады .

31. Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді қабылдау, тіркеу, есепке алу, соның ішінде электронды және қарау заңдылығын қадағалауды қадағалаушы және уәкілетті прокурорлар жүзеге асырады.

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарларды, шағымдар мен басқа да ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, сонымен қатар электронды форматта және қарау туралы Нұсқаулыққа қоса берілген 1-қосымша

Негіз _____

Сақталу мерзімі _____

Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды есепке алу кітабы

(Қылмыстық қуғындау органының атауы)

Басталуы «__» _____ 20__ ж.

Аяқталуы «__» _____ 20__ ж.

Түгендеу № _____

(Осы кітаптың сыртқы парағының артқы жағында жазылады)

Өтініштерді есепке алу кітабының нысаны (одан-әрі ӨЕК) қылмыстық қуғындау органдарының барлығы үшін бірыңғай және қатаң есептілік құжаты болып табылады, тек бір данада ғана толтырылады.

ӨЕЖ іс жүргізу ережелеріне сәйкес ресімделеді, тіркеледі және кітапшаланady.

ӨЕЖ қылмыстық қуғындау органының кезекші бөлімінде сақталады.

ӨЕЖ жазбалар қалам арқылы, қысқартусыз қолмен жазылады. Түзетуге болмайды. Қате жазылған жазбалар сызылып, кезекші бөлімнің лауазымды тұлғасымен қол қойылады.

ӨЕК тіркемей өтінішті орындау және тексеру жүргізу үшін орындаушыға беруге қатаң тыйым салынады.

ӨЕЖ аяқталуы бойынша заңмен белгіленген тәртіпте 5 жыл ішінде аяқталуы үшін хатшылыққа тапсырылады.

Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды есепке алу кітабының бағандар мазмұны

Р/с №	Қылмыс туралы өтінішті, хабарламаны тіркеу күні, (күні, айы, жылы, сағаты, минуты)	Өтініштің, хабарламаның органға немесе лауазымды тұлғаға нақты келіп түскен күні (күні, айы, жылы, сағаты, минуты)	Қылмыс туралы хабарлаған тұлға туралы мәліметтер (аты-жөні, мекен-жайы, телефоны, ұйымның, мекеменің, кәсіпорынның мекен-жайы, телефоны, сондай-ақ атауы)	Қылмыс туралы өтініштің, хабарламаның қысқаша мазмұны (уақыты, орны, себебі, ҚР ҚК бабы)	Қылмыс туралы өтініштер, хабарламалар бойынша қабылданған шаралар, алып қойылған айғақ заттар тізбесі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Жедел тергеу тобының құрамы және оқиға болған жерге шығу	Өтінішті, хабарламаны қарау кіммен және кімге, қ а ш а н тапсырылды	Өтінішті, хабарламаны орындау үшін алған тұлғаның қолы, алған күні (тегі мен лауазымы түсінікті жазылсын)	Өтінішті, хабарламаны ҚР ҚДЖК 185 -бабына сәйкес тексеру нәтижелері, қозғалған қылмыстық іс нөмірі, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған күн, тіркеу нөмірі, шығыс нөмірі, материал соттылығы, тергеуде болуы және жеке айыптау істері бойынша алдын-ала тергелу үшін қайда жолданды	Мерзімнің ұзартылуы туралы прокурорға ескерту жолданды (шығыс нөмірі , күні)	Өтінішті, хабарламаға қараудың күні жән ұзарту мерзімі
7	8	9	10	11	12

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарларды, шағымдар мен басқа да ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, сонымен қатар электронды форматта және қарау туралы Нұсқаулыққа қоса берілген 2 - қосымша

Негіз _____

Сақтау мерзімі _____

Ақпараттарды есепке алу

Журналы

_____ (
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУҒЫНДАУ ОРГАНЫНЫҢ АТАУЫ)

Басталуы « ____ » _____ 20 ____ ж.

Аяқталуы « ____ » _____ 20 ____ ж.

Түгендеу № _____

(Осы кітаптың сыртқы бетінің артқы жағында жазылады)

Ақпараттарды есепке алу журналының нысаны (одан-әрі АЕЖ) қылмыстық қуғындау органдарының барлығы үшін бірыңғай және қатаң есептілік құжаты болып табылады, тек бір данада ғана толтырылады.

АЕЖ іс жүргізу ережелеріне сәйкес ресімделеді, тіркеледі және кітапшаланады.

АЕЖ қылмыстық қуғындау органының кезекші бөлімінде сақталады.

АЕЖ жазбалар қалам арқылы, қысқартусыз қолмен жазылады. Түзетуге болмайды. Қате жазылған жазбалар сызылып, кезекші бөлімнің лауазымды тұлғасымен _____ қол _____ қойылады.

АЕЖ аяқталуы бойынша заңмен белгіленген тәртіпте 5 жыл ішінде сақталуы үшін хатшылыққа тапсырылады.

Ақпараттарды есепке алу журналы бағандарының мазмұны

1	2	3	4	5	6
Р/с №	Ақпарат қашан келіп түсті (күні, сағаты, минуты)	Кім хабарлады (өтініш берушінің аты-жөні, мекенжайы, телефоны кәсіпорын, мекеменің мекенжайы және телефоны, орталық күзет пульті кезекшісінің (диспетчерінің) аты-жөні	Ақпараттың мазмұны (уақыты, орны, себебі)	Ақпарат бойынша кезекшімен қабылданған шаралар	<u>Ақпаратты тексеру нәтижелері</u> Ақпарат _____ нақтылап Қылмыс белгілерін куәландырат өтініш, хабар, жинақталған матер келіп түсті, Өтініштерді есепке кітабына _____ ауыстыры Тіркеу № _____ әкімшілік, тәртіптік әрекетте шаралар қабылданды (кіммен, қан қашан) Материалдар тергеуі, соттылы бойынша басқа органға жолдан, Ақпараттарды есепке алу журналының №, күні ақпаратт ал органның атауы, қабылдағанни лауазымы, аты-жөні. Ақпарат нақтыланған _____ Тексеру жүргізген органның те лауазымы, қолы, номенклатурал істің №, тексеру материалдақ парақтарының саны

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарларды, шағымдар мен басқа да ақпараттарды қабылдау, тіркеу,

Интернет желісінің мекен жайы: http:\\service.pravstat.kz Адрес Интернет сайта: http:\\service.pravstat.kz SMS бойынша хабарласу 1012 телефон нөмірі арқылы 1012 номер телефона SMS сообщения Телефон бойынша 8 800-080-777 нөмірі арқылы Со стационарного телефона по номеру 8 800-080-777 Ұялы телефон бойынша 1414 нөмірі арқылы С мобильного телефона по номеру 1414 Өтінішті қабылдаған қылмыстық ізге түсу органының телефон нөмірі _____ Номер телефона органа уголовного преследования, принявшего заявления: _____	Интернет желісінің мекен жайы: http:\\service.pravstat.kz Адрес Интернет сайта: http:\\service.pravstat.kz SMS бойынша хабарласу 1012 телефон нөмірі арқылы 1012 номер телефона SMS сообщения Телефон бойынша 8 800-080-777 нөмірі арқылы Со стационарного телефона по номеру 8 800-080-777 Ұялы телефон бойынша 1414 нөмірі арқылы С мобильного телефона по номеру 1414 Өтінішті қабылдаған қылмыстық ізге түсу органының телефон нөмірі _____ Номер телефона органа уголовного преследования, принявшего заявления: _____
--	--

Қылмыстар, оқиғалар туралы
өтініштерді, хабарларды,
шағымдар мен басқа да
ақпараттарды қабылдау, тіркеу,
есепке алу, сонымен қатар
электронды форматта және қарау
туралы Нұсқаулыққа қоса
берілген 4-қосымша

Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды тіркеу МӨРІНІҢ ҮЛГІСІ

(органның атауы)

« _____ » _____ 20 _____ ж. № _____

Кезекші _____ (қолы, тегі)

Қылмыстар, оқиғалар туралы
өтініштерді, хабарларды,
шағымдар мен басқа да
ақпараттарды қабылдау, тіркеу,
есепке алу, сонымен қатар
электронды форматта және қарау
туралы Нұсқаулыққа қоса
берілген 5-қосымша

Негіз _____

Сақтау _____ мерзімі _____

НОМЕНКЛАТУРЛЫҚ ІС № _____

Нақтыланбаған деректер бойынша нарядқа жіберілген материалдар _____

(қылмыстық қуғындау органының атауы)

Басталуы «___» _____ 20__ ж.

Аяқталуы «___» _____ 20__ ж.

Түгендеу № _____ том № _____

Номенклатуралық іс бағандарының мазмұны

Р\с №	Құжат атауы	Парақ саны
1		

Қылмыстар, оқиғалар туралы
өтініштерді, хабарларды,
шағымдар мен басқа да
ақпараттарды қабылдау, тіркеу,
есепке алу, сонымен қатар
электронды форматта және қарау
туралы Нұсқаулыққа қоса
берілген 6-қосымша

Негіз _____

Сақтау мерзімі _____

Шағымдарды есепке алу кітабы

(сот атауы)

Басталуы «___» _____ 20__ ж.

Аяқталуы «___» _____ 20__ ж.

Түгендеу № _____

Шағымдарды есепке алу кітабы бағандарының мазмұны

Р\с №	Жеке айыптау істері бойынша шағымның келіп түскен күні	Солардың ішінде		Шағым берген тұлға туралы мәліметтер (аты-жөні, мекенжайы, өтініш берушінің телефоны)	Жеке айыптау істері бойынша шағымның қысқаша мазмұны (уақыты, себеп орны, ҚР ҚК бабы)	Шағымды қарау кімге және қашан тапсырылды
		Тергеу, анықтау органдарынан және прокурордан	Аумақтылығы бойынша басқа соттардан			
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Қарау үшін шағымды алған тұлғаның қолы	Шығарылған қаулылар		Шағымдарды беру туралы		Шағымды қарастырған күн
	Шағымды өз өндірісіне қабылдау туралы	Шағымды өз өндірісіне қабылдаудан бас тарту туралы	Тергеуде болуына қатысты	Соттылығы бойынша	
8	9	10	11	12	13

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК